

Жылан уы. Бал ара тіршілігінің өнімдері.

Орындаған: Ұзақбай Бөтакөз
Тобы: ФА 13-002-02
Курс: 4

Жылан уы

Жылан (ophicia) – бауырмен жорғалаушылардың бір отряд тармағы. Дене пішіні ұзын, жіңішке, көптеген түрінің аяғы жоқ, кейбіреулерінде (айдаһар) рудимент түрінде болады. 200-450 омыртқасы бар, сондықтан денесін жақсы иіп, бүгіп қозғалады. Денесі қабыршақты. Төменгі жақ сүйектері сіңір арқылы жалғасқандықтан өзінен едәуір үлкен жемісін жұта алады. Тілі жіңішке, ұзын, ұшы екі айырымды және ол сезім мүшесі. Улы жыланның көзінің арт жағында және астында құрамында альбумин, глобулин, фермент, су, тұз т.б. заттар болатын сарғылт немесе жасылдау улы зат түзетін арнайы безі болады. Уы осы безден «улы» тісі түбіне келеді. Жылан шаққанда уы тіс бойымен ағады. Улы жыландар –бауырымен жорғалаушыларға жатады. Жетісу өңірінде улы жыландардың 4 түрі кездеседі. Олар — оқ жылан, дала сұр жыланы, кәдімгі сұр жылан, кәдімгі боз жылан. Бұл жыландардың бәрі далалы, шөл-шөлейтті жерлерді мекендейді. Ұсақ кеміргіштерге, жануарларға уы қауіпті, ал адамға зияны жоқ. Улы жыландардың адам тіршілігіне пайдасы да мол. Олардан алынатын удан медицинада шипалы дәрі-дәрмек жасалады.




Жылан уы

Жылан уы – улы жыланның сілекей безінен шығатын улы зат. Оның құрамы ферменттердің (ең негізгісі – гидролиз), улы полипептидтердің, бейорганикалық қосылыстардың (фосфолипаза, гиалуронидаза, амин қышқылдарының, т.б.) және басқа да биологиялық белсенді заттардың кешенді қосылыстарынан тұрады.



Жылан уы

Жылан уының қасиеті жылан түріне байланысты. Мысалы, аспидтер мен теңіз жыландары уының құрамында жүйке-бұлшық ет қызметін бұзатын, қаңқа және тыныс алу бұлшық етін жансыздандыратын нейротоксиндер бар. Улы сұр жыландардың уында протеолитикалық ферменттер болады. Бұл қанның ұюының бұзылуына әкеліп, соның нәтижесінде геморрагиялық ісіктер пайда болады. Соңғы жылдары Жылан уының геморрагиялық әсерін әлсірететін ақуызды факторлар кеміргіштерден табылды.



Жылан уы

Жылан шаққанда адамға әр түрлі әсер етеді. Ең алдымен Жылан уы бауыр мен бүйрекке қауіпті. Жыланның уы денеге тез жайылады. Сондықтан жылан шаққан адамға дереу алғашқы дәрігерлік көмек көрсету керек. Ол үшін уланған адамды көлеңкеге жатқызып, қан айналысының бұзылуын азайту үшін басын дене деңгейінен төмен ұстау керек. Содан соң уақыт оздырмай жарақаттанған жерден улы сорып алып, (кем дегенде 5 – 7 мин бойы) түкіріп тастау керек. Содан кейін ауызды пергамент ерітіндісімен не сумен шаяды. Егер ауыз қуысында жара не кариесі бар тістер болса, онда ауызбен у соруға болмайды. Ал ісіктің алғашқы белгілері байқалысымен соруды тоқтатып, шаққан жерді антисептиктермен өңдеп, стерилді таңғышпен орайды. Удың лимфатикалық жүйемен өтуін азайту үшін жарақаттанған мүшенің қозғалыссыз болуы керек. Жылан шаққан жердің екі жағын қатты таңып, бұғаулауға үзілді-кесілді болмайды. Ең бастысы уланған адамды тезірек мед. мекемеге жеткізу шарт. Жылан шаққан адамға сұйықты көп ішкізу керек. Жылан шаққан жерді кесуге, күйдіруге, оған марганец қышқылды калий жіберуге, ішімдік беруге болмайды.

Жылан уы



Мысырлықтар жылан уынан түрлі дәрі-дәрмектерді жасауды ерте кезден білген. Қазіргі уақытта Мысырдағы Суэцк университетінде ұзақ, қажырлы еңбекпен жылан уының химиялық құрамы зерттеліп, таңғаларлық жаңалықтар ашылды. Жылан уынан жасалған дәрімен қатерлі ісікті, белсіздікті, қант диабетін емдеуге, қан тоқтатуға, қан қысымын қалыпқа келтіруге болады екен. Жылан уының пайдасы мұнымен де шектелмейді. Мамандардың сөзіне сенсек, өндіріс салаларының ішінде жылан уын жинау – ең пайданы көп әкелетін, алтын қазудан кем түспейтін жұмыс. Себебі жылан уының бір грамы 2,5-5 мың доллар аралығында тұрады екен. Жалпы жылан уының емдік қасиеті XII ғасырда белгілі болған. Мұны алғаш болып итальяндық ғалым Франческо Реди анықтаған деген дерек бар. Ал жүз жылдан соң тағы бір итальяндық ғалым Фелисе Фонтане удың ұңғыл-шұңғылын зерттеп, адам ағзасына әсер ету механизмін түсіндірген.

Бал ара тіршілігінің өнімдері

Ара шаруашылығы ауылшаруашылығының дамыған бір саласы болып табылады. Арадан алынатын өнімдер халық шаруашылығында кеңінен қолданылып келеді. Балды тағам ретінде, ара балауызын кәсіпорын салаларында шикізат ретінде қолданылуда. Кейінгі жылдары медицина мен ветеринария тәжірибесінде, сонымен қоса косметика саласында ара шаруашылығы өнімдерін пайдалануда. Олар: аналық ара сүті, прополис, бал ара уы;



Бал ара тіршілігінің өнімдері

Бал бүгінгі таңда жоғарғы тағамдық өнім ғана емес, сонымен қатар көптеген ауруларда емдік зат болып табылады. Қазіргі кезде ғылыми зерттеулер ежелгі дәрігерлер мен философтар ұзақ жасау диетасы ретінде жоғарғы баға берген.

*Лабораториялық зерттеулермен клиникалық бақылаулардың нәтижесінде балдың құрамы өте күрделі екендігі анықталған. Бүгінгі таңда бал тек қана жоғарғы тағамдық өнім ғана емес сонымен қатар көптеген ауруларда емдік зат болып табылады. Ара балы табиғаттың керемет сыйы.



Бал ара тіршілігінің өнімдері

Қазіргі кезде ғылыми зерттеулер ежелгі дәрігерлер мен философтар ұзақ жасау диетасы ретінде жоғарғы баға берген. Лабораториялық зерттеулер мен клиникалық бақылаулардың нәтижесінде балдың құрамы өте күрделі екендігін анықтаған. Оның құрамында организмге бағалы жүздеген компоненттер бар: глюкоза, лебулеза, витаминдер, ферменттер, органикалық қышқылдар, микроэлементтер, минералдар, горманалды, антибактериалды тағы басқа заттар. Осы бір пайдалы да дәмді өнімді белгілі жәндіктер бал аралары өндіреді.



Бал ара тіршілігінің өнімдері

Балауыз- аралардың арнайы сөлінен түзілетін қатты, ұсақ түйіршікті, түссіз, қошқыл-қоңыр түсті зат. Өндірістің 40-тан астам салаларда, соның ішінде авиациялық, текстильді, фармацевтикалық, сонымен қатар медицинада, парфюмерияда және косметикада кең қолдану тапқан.




Бал ара тіршілігінің өнімдері

Гүл тозаңы- аралар гүлден жинайды, моносахаридтерге, минералды және белоктық заттарға, ферменттерге, витаминдерге, өсу гормондарына өте бай. Ол ара тұқымын азықтандыру үшін, аналық сүтін ферментті және балауызды өндіретін бездерді қамту үшін қызмет етеді. Тозаң концентрленген өнім болып саналады және медицинада, косметикада қолданылады.



Бал ара тіршілігінің өнімдері



Перга- аралармен жинап алынған және өңделген әр түрлі өсімдіктердің тозандары. Ол маңызды белокты азық, оның жеткіліксіздігі ар жанұясының өмір сүруінің нашарлауына әкеледі. Ферменттердің әсерінен тозаңда сүт қышқылды ашу жүреді, осыдан түзілген сүт қышқылы тозаң мен бал қосылысын консервілеп оны пергаға айналдырады. Құамында белок, қант, май, минералды заттар, сүт қышқылы, витаминдер, гормондар бар.

Бал ара тіршілігінің өнімдері

Прополис- араның желімі, бал алып жүруші аралар дайындайтын шайырлы зат. Аралар прополиспен ұяның қабырғаларына жағып, тесіктерін бітеп, кәрезі ұяшықтарын сылайды. Олар стерильді және берік болу үшін. Прополистің негізгі бөлігі ретінде өсімдік шайыры, балауыз, эфирлі майлар, гүл тозаңы саналады. Құрамында әртүрлі элементтер, витаминдер, бактерицидтік, антиоксидтік, қабынуға қарсы анестезирлеуші және стимульдеу қасиеттеріне ие.



Бал ара тіршілігінің өнімдері

Ара уы- аралардың секторлы сөлінің өнімі, түссіз өткір иісті, күйдіргіш дәмі бар өте қою сұйықтық. Медицинада кеңінен қолданылады.



Назарларыңызға рахмет!!!